

***Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі***

№ 3, 2017


***Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий***



Айдос Е.Ж. Жоғары математика-2: Оқулық. – Алматы, 2016. – 532


б.

Алдыңыздағы кітап - жоғары математика пәні бойынша техникалық жоғары оқу орындарының бакалавриат деңгейіндегі типтік оқу бағдарламасына сәйкес оқытудың кредиттік жүйесіне арналып жазылған, үш бөлімнен тұратын кітаптарымыздың екіншісі. Мұнда жоғары математиканың «Математикалық анализге кіріспе; Бір айнымалды функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулері» атты бөлімдері қарастырылған.




Айдос Е.Ж. Жоғары математика-3: Оқулық. – Алматы, 2016. – 640 б.

Бұл кітап жоғары математика пәні бойынша техникалық жоғары оқу орындарының бакалавриат деңгейіндегі типтік оқу бағдарламаларына сәйкес жазылған үш бөлімнен тұратын кітаптарымыздың үшіншісі. Мұнда жоғары математиканың «Көп айнымалды функциялар; Дифференциалдық теңдеулер; Еселі, қисық сызықты, беттік интегралдар; Қатарлар» атты бөлімдері қарастырылған.




Дүзелбаев С.Т. Техникалық механика. Машина тетіктері: Оқулық. – Алматы, 2016. – 376 б.

Оқулықта тетіктердің және жалпылама тағайындалған түйіндердің құрылымы, технологиясы, есептеу әдістері қарастырылған: ажырайтын және ажырамайтын қосылыстар, іліністі және үйкелісті механизмдер, біліктер мен өстер, подшипниктер мен муфталар. Әрбір тақырыпта теориялық материалдар мысалдармен пысықталған және әрбір тараудың соңында жаттығу есептері, қайталау сұрақтары берілген.




Дүзелбаев С.Т. Техникалық механика. Теориялық механика. Материалдар кедергісі: Оқулық. – Алматы, 2016. – 456 б.

Техникалық механика курсы, типтік бағдарлама бойынша, теориялық механика, материалдар кедергісі және машиналар тетіктері бөлімдерінен тұрады. Оқулық теориялық механика, материалдар кедергісі атты екі бөлімнен құралған. Әрбір тақырыпта теориялық материалдар мысалдармен пысықталған және әрбір тараудың соңында жаттығу есептері мен қайталау сұрақтары жинақталған.



Дүзелбаев С.Т. Техникалық механика. Теориялық механика. Материалдар кедергісі. Стерженьдік жүйелердің құрылысы механикасы: Оқулық. – Алматы, 2016. – 400 б.

Техникалық механика курсы, типтік бағдарлама бойынша, теориялық механика, материалдар кедергісі және стерженьдік жүйелердің құрылысы механикасы бөлімдерінен тұрады. Әрбір тақырыпта теориялық материалдар мысалдармен пысықталған және әрбір тараудың соңында жаттығу есептері мен қайталау сұрақтары жинақталған.




Дүзелбаев С.Т. Машина тетіктері: Оқулық. – Алматы, 2016. – 408 б.

Оқулықта тетіктердің және жалпылама тағайындалған түйіндердің құрылымы, технологиясы, есептеу әдістері қарастырылған: ажырайтын және ажырамайтын қосылыстар, іліністі және үйкелісті механизмдер, біліктер мен өстер, подшипниктер мен муфталар. Әрбір тақырыпта теориялық материалдар мысалдармен пысықталған және әрбір тараудың соңында жаттығу есептері, қайталау сұрақтары және студенттің өздігінен білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары берілген.




Қабасова Ж.Қ., Ерқоңыр Ә.К. Электротехниканың теориялық негіздері (есептер жинағы): оқу құралы. – Алматы, 2016. – Т.1. – 296 б.

«Электротехниканың теориялық негіздері» пәнінен есептер жинағы мемлекеттік тілде оқитын 5В071800 - «Электр энергетикасы» мамандығының студенттері үшін қажет материал болып табылады. Ұсынылған оқу құралы екі томнан тұрады. Әр бөлімде электротехниканың теориялық негіздерінің мәліметтері және есептер де берілген. Бұл кітапта негізгі түсініктемелер, қажетті тұжырымдар, формулалар, заңдар, әдістер толығымен көрсетілген. Кітапта электротехникадағы негізгі формулалар, заңдар және әр тізбегінің өзгеріс жағдайында болатын құбылыстарды есептейтін әдістер толығымен көрсетілген.




Қабасова Ж.Қ., Ерқоңыр Ә.К. Электротехниканың теориялық негіздері пәнінен есептер жинағы: Оқу құралы . – Алматы, 2016. – Т.2. – 360 б.

«Электротехниканың теориялық негіздері» пәнінен есептер жинағы мемлекеттік тілде оқитын 5В071800 - «Электр энергетикасы» мамандығының студенттері үшін қажет материал болып табылады. Есептер жинағының әр бөлімінде сызықты емес электр тізбегінің формулалары беріліп, есептер шығарылған. Есептер жинағының 2-томы 16 тараудан тұрады және әр тарауда негізгі түсініктемелер, формулалар, заңдар келтірілген.



Алимов С.В., Алимова Ю.С. Құқықтық және саяси ілімдер тарихы: Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 288 б.


Ұсынылып отырған оқу құралында «Құқықтық және саяси ілімдер тарихы» пәні бойынша үлгі оқу бағдарламасының барлық негізгі тақырыптары қозғалады. Тарихи материалдардың барынша үнемді баяндалуына бағытталған жоғары заңгерлік білім алу ерекшелігін ескеріп, бұл оқу құралы аталған пән бойынша негізгі курстың 15 тақырыбын аша отырып, ұғынықты және қысқаша түрде жазылған. Атап айтқанда, адамзат қоғамының әртүрлі тарихи даму кезеңдерінде әр алуан мемлекеттердің саяси-құқықтық ілімдерінің құрылуы мен қалыптасуының негізгі сатылары сауатты және жүйелі баяндалған.



Рысқалиев Т.Х. Философия тарихы: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2015. – 508 б.

Бұл оқулық бұдан бұрын жарық көрген «Философия тарихына шолу» деген еңбектің өңделген, толықтырылған нұсқасы. Мұнда да философия белгілі бір тұрғыдан жаңаша, басқа оқулықтардан өзгеше түрде, атап айтқанда: даналық, түсінік, тәлім-тәрбие ілімі ретінде баяндалады. Бүкіл философия тарихы даналықтың, түсініктің, тәлімгерліктің озық үлгілері ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан үнді, қытай, орыс, қазақ философиясы да әлемдік философиядан лайықты орын алады.

Қаржылық есеп II: Оқу құралы / Б.Ж. Акимова, С.С. Сапарбаева, Б.Л. Аленова, Н.Е. Аханова. – Алматы: Экономика, 2016. – 261 б.




Оқу құралы «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім алушылар үшін курстың типтік бағдарламасына сәйкес құрастырылған, ҚР қабылданған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына негізделген және қаржылық есеп I курсының жалғасы болып табылады. Оқу құралында «Қаржылық есеп II» курсының негізгі тақырыптары бойынша: кәсіпорындарды біріктіру, сатып алу әдісі, шоғырландырылған қаржылық есептілік, инвестициялық меншік, сатуға арналған айналымнан тыс активтер, бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер, ақшаның уақытша құны, жал есебі, валюталық бағам өзгерісінің әсері, табысқа салынатын салықтар, қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар, қаржылық инвестициялар есебі және бағалау, бірлескен қызметке қатысу, акцияға келетін пайда, есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларында болатын өзгерістер мен қателіктер, байланысты тараптардың мәселелері қарастырылған.




Кемали Е.С., Журсимбаев С.К. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары: оқулық. – Алматы: NURPRESS, 2016. – 267 б.

«Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары» курсы - заң оқу орындарында студенттерге құқық қорғау және құқық қолдану органдарының қызметі туралы негізгі мәліметтерді беретін пән. Курсты оқудың мақсаты - болашақ заңгерлерді құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын соттың, прокуратураның және басқа да органдардың құқықтық негіздері, міндеттері, құрылымы мен құзыреттері жөнінде қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.




Токенов Ө.С. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Нур-Принт, 2016. – 356 б.

Бұл оқулықта мәдениеттанудың негізгі мәселелері жанжақты және жүйелі түрде мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жасалған. Автор мүмкіндігінше студенттерге қажетті деген мәселелерді толығынан қамтуға тырыса отырып мәдениеттің теориялық-ұғымдық, құрылымдық тұрғыларын және мәдениеттің дінмен, философиямен, ғылыммен байланыстарын қарастырған. Яғни, мәдениеттің сақталу, жаңару динамикасы арқылы автор миф, дін, өнер, философия, ғылым өрістерінің жасалу түрлерін және олардың тарихи қалыптасу жағдайы қаралған.




Медешова А.Б., Мухамбетова Ғ.Ғ. Нысандық-бағдарлық бағдарламалау тілдері: Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 296 б.

Оқу құралы «Информатика», «Ақпараттық жүйе», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша білім алатын студенттерге «Нысандық-бағдарлық бағдарламалау тілі», «C# бағдарламалау тілі» және «Delphi бағдарламалау тілі» пәндерін оқыту үшін ұсынылады. Оқу құралында Delphi және C# нысандық-бағдарлық бағдарламалау тілдерінің теориялық материалдары және оны қолданудың зертханалық жұмыстарына лайықты мысалдар мен есептердің мол жиынтығы берілген. Әр тақырып соңында студенттің өз бетімен орындауына арналған жаттығулар, бақылау сұрақтары және тестілік тапсырмалар келтірілген.




Бигалиев А.Б. Экологиялық генетика: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 353 б.

Монографияда фундаменталды биология ілімінің жалпы және дара генетика негіздері келтірілген. Қоршаған ортаның мутагендік факторларының мутациялық процестегі рөлі, әсердің механизмдері берілген. Сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі биологиялық жүйелердің құбылмалы табиғи ортада тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары қаралған. Экологиялық генетиканың барлық ұғымдары және аса маңызды жалпы заңдылықтары биосфераға және оның компоненттеріне антропогендік әсердің заманауи проблемаларымен байланыстырылып қаралған.




Исламқожаұлы Ұ., Урмашев Б. Электроника және микроэлектроника: Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 188 б.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралында «Электроника және микроэлектроника» пәнінің ана тілінде өндірістің барлық саласында қолданылатын электроникалық және микроэлектроникалық құрылғылардың құрылысын, оларды құрайтын негізгі элементтерін, жұмыс істеу принциптерін, пайдалану орталарын және олардың сұлбасызбаларын оқып үйренуге, іс жүзінде қолдануды, пайдалануды зертханалық тәжірибелер жасау арқылы теория жүзінде алған білдімдерін толықтай нақты істермен меңгеруіне үлкен көңіл бөлінген.



Аканова Ж.Ж. Өнімді сынау, бақылау және қауіпсіздігі: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2016. - 288 б.

Ұсынылған «Өнімді сынау, бақылау және қауіпсіздігі» оқу құралы оқырмандарды Қазақстан Республикасындағы өнімдерді сынаудан өткізу, бақылау олардың техникалық деңгейіне және жасау сапасына объективті түрде баға беру, сондай-ақ өнімнің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде, яғни оны өндіріске қою, өндіру, сертификаттау, сериялап шығаруды тоқтату немесе модернизациялау кезінде тиісті дұрыс шешім қабылдаудың негізі болып табылатын, сынау жүргізумен байланыстағы барлық әрекеттердің қазіргі күндегі тенденциясы, аккредиттеу процедурасы мен сынау әдістерін өзара үйлестіру болып табылады. Үйлестіру өнімнің сапасын бұрынғыдан да объективті түрде бағалауға мүмкіндік алады және негізгі білімді береді,




Қазақстан Республикасындағы адвокатура: Оқу-әдістемелік құрал / Құраст.: Г.Н. Мұхамадиева, Е.Т. Әлімқұлов, М.О. Баяндина, Е.Т. Нұрмағанбет, А.Қ. Жәнібеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 103 б.

Оқу-әдістемелік құралының «Қазақстан Республикасындағы адвокатура» оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес және ҚР-ның 1997 жылы 5 желтоқсанда қабылданған «Адвокаттық қызмет» туралы Заңына негізделіп дайындалды. 2014 жылдың 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу, 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық және 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа кодекстерінің қабылдануына байланысты оқу-әдістемелік құралына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.




Тұтқыр сұйықтың конвективті алмасуы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 182 б.

Оқу құралында сұйықтың конвективті алмасуының негізгі теориялары айтылған. Сұйық пен газдың нақты ағыстарының заңдылықтарын зерттеу және түсіндіру үшін қажетті негізгі теңдеулер мен есептеу әдістерін қолдана алуы туралы және конвективті жылу масса тасымалдаудың автоматтандырылған ағыстарының қарапайым типтері үшін есепті жаттығулар талқыланған.




Сейітжанов З.Н. Парасат пен пайым: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 324 б.

Көмекші оқу құралы екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде фольклордың әр түрлі жанрларына байланысты жазылған мақалалары топтастырылған. Екінші бөлімде әдебиет тарихы және көрнекті суреткерлердің мұралары қарастырылады. Автор қазақ фольклоры мен әдебиетінің табиғаты, болмыс-бітімі жайында тың ой-тұжырымдар жасайды.




Сүлейменов П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 б.

Бұл оқу құралында әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасының арасындағы тарихи-философиялық, мәдени байланыстары зерделенген. Сонымен қатар ұлы дала өркениетінің данышпан ойшылдарының саяси-әлеуметтік көзқарастары мен философиялық ой-тұжырымдары жан-жақты қарастырылған. Оқу құралын қалыптастыру барысында қазақтың әлеуметтік-философиялық ойының тарихта сан қырлы сипатта көріну формалары ескеріліп, сараптаудан өткізілді.



Мұхажанова Т.Н. Әлем музейлерінің тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 156 б.

Оқу құралында әлемдік музейлердің қалыптасуы, олардың өзіндік ерекшеліктері және алғашқы пайда болу тарихы мен тарихи алғышарттары баяндалған. Сондай-ақ музейлердің құрылуының тарихи жолына, ғимарат кешендерінің салыну тарихына және олардың даму үдерістеріне басты назар аударылған, антика және орта ғасыр коллекциялары, Батыс Еуропаның, Америка мен Ресейдің ірі өнер және тарихи музейлерінің, Орта Азия мен Азия музей кешендерінің тарихы қарастырылған.




Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 154 б.

Оқу құралында психология ғылымында зерттелінген тұлға түсінігіне жан-жақты талдау берілген, шетелдік және отандық қазіргі психологиядағы тұлға түсінігінің психологиялық табиғаты ғылыми дәрежеде толық мазмұнда ашылған. Оқу құралында тұлғаның психодиагностикасына байланысты практикалық бағытта талдаулар берілген.




Қазақстан биоресурстары: Оқу құралы / Н.М. Мұхитдинов, Б.Е. Есжанов, Г.Қ. Сатыбалдиева және т.б.; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 322 б.

Бүгінге дейін жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдері студенттеріне арналып жазылған «Қазақстан биоресурстары» туралы оқулықтар мен оқу құралдары өте аз болды және тек өсімдіктер мен жануарлардың биологиясын сипаттаумен шектелді. Ол бұл пәннің толық қанды мазмұнын ашпайтыны анық. Ал қазіргі инновациялық технология дамып жатқан кезде жан-жақты дайындалған және бәсекеге қабілетті мамандар дайындауда белгілі бір олқылықтар туындауы мүмкін. Міне, осыған орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір топ тәжірибелі ғалым-ұстаздары оқырман талқысына, ең алдымен, білім алушыларға, осы оқу құралын ұсынып отыр.




Шабикова Г.Х., Оспанова Ә.Қ., Ашимхан Н.С. Физикалық химия пәні бойынша есептер: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 б.

Берілген оқулықта қазіргі кездегі физикалық химияның негізгі тараулары бойынша есептер берілген. Оқулық классикалық принцип бойынша құрастырылған: әрбір тарау теориялық кіріспеден басталады, кейін мысал есептер, есептер, өздігінен жұмысқа арналған есептер және мәселелік тапсырмалар ұсынылған. Барлық есептерге жауаптар мен шешу жолдары көрсетілген. Қосымшада есептерді шешу үшін қажетті мәліметтер ұсынылған: термодинамикалық және кинетикалық шамалар кесте түрінде, негізгі физика-химиялық формулалар тізімі және математикалық минимумдар көрсетілген.




Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 450 б.

Кітап 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жазылған оқу материалдары Ерекше бөлімінің жүйелеріне сәйкес баяндалады. Ерекше бөлімнің әрбір тарауы бойынша оларға жалпы сипаттама беріле отырып, сол тарауға кіретін жекелеген құрамдарға талдау жасалады, бұрынғы Қылмыстық кодексте болмаған жаңа құрамдардың мазмұнын ашуға ерекше мән беріледі. Қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімі бойынша 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі негізінде оқулық мемлекеттік тілде төртінші рет, 1997-2011 жылдың наурызына дейінгі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне енген өзгертулер мен толықтырулар ескеріле отырып жарық көріп отыр.




Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 276 б.

Оқу құралында қылмыстық құқықтың жалпы мәселелеріне, оның принциптеріне, қылмыс пен жаза туралы ұғымдарға ғылыми анықтама берілген. Жазаға тарту мен одан босату, қылмысты анықтау мен одан арылу практикасы баяндалады. Қылмыс жасаушыларды мәжбүрлеп емдеу, жасөспірімдерді тәрбиелеу шаралары сөз болады.




Бөрібаев Б., Абдрахманова М. WEB-технологиялар: Javascript және PHP тілдері: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 188 б.

Оқу құралы техникалық мамандықтар бойынша оқылатын «Web-технологиялар», «Интернет-технологиялар» пәндерінің бағдарламасына сәйкес жазылған. Мұнда дербес компьютерлерде сайт жасау тәсілдері қарастырылып, интернет желісіндегі мәліметтер орналастыру, оларды басқару істерін атқаратын HTML, PHP тілдері арқылы баяндалған. Кітапта осы программалау тілінен көптеген мысал келтіріліп, оларды орындау жолдары талқыланады. Әрбір жұмыс бақылау сұрақтары және тапсырмалармен толықтырылған.



Қалшабек А.Б. Әдебиеттану ғылымына кіріспе: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2016. - 208 б.

Автордың бұл еңбегі көп жылғы ізденістен туған дүние. Еңбекте әдебиеттану ғылымының негізгі теориялық мәселелері жаңа ғылыми тұжырымдар мен әдеби материалдар негізінде қарастырылады.




Әмірбек К. Батпан-құйрық. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. - 480 б.

Сыралғы сықақшы Көпен Әмірбектің кітабы бес бөлімнен тұрады. Сатиралық повесть, әзіл-әжуа, скетч, интермедия, мысал-мысқал, қағытпа-қалжың, оқшау сөз бен фельетондардың басын топтастырған бұл жинақ әзіл сүйер әлеуметке арналған.




Алиева Ж.Н., Калимбетов Е.А. Туризм маркетингі: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 334 б.

Ұсынылып отырған оқу құралының негізгі мақсаты - кешенді түрде және жүйелік құрылымда туризмдегі маркетинг туралы мәліметтерді ұсыну және үйрену үдерісін жеңілдету. Оқу құралы жоғары білім берудің мемлекеттік стандартына сай дайындалып, «Туризм маркетингі» курсының теориялық және практикалық аспектілерің, суреттерді, кестелерді және тақырып бойынша бақылау сұрақтарын қамтиды.




Сәменбет Н.С. Аралдағы жалғыз жан: Өлең, толғау, баллада, поэма. - Алматы: Мерей, 2016. - 196 б.

Поэзия сынды телегей-теңіз дүниеге сүңгіп бара жатқан ақынның алуан тақырыптарда арқауын шымыр тартқанының нақты куәсі осы жыр жинағы. Автордың өз жолы, өз ой-жотасы өзгешеленіп, дараланып, сараланып көз тартады. Өмірдің түйін-түйіншегін иненің жасуынан өткізгендей шынайы ізденістің бедер-белгілері бейнеленген...




Дәдебаев Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері: Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 286 б.

Зерттеу еңбекте билер сөзі, шешендік өнер Абайдың ілімінің, ақындық танымының қайнар көзі ретінде қарастырылған. Еңбек екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Шешендік өнер» деп аталады. Онда шешендік өнер теориясының жалпы сипаттамасы, шешендік өнердегі тек пен түр, шешендік өнердің қайнар көздері, шешендік өнердің мақсаттары мен амалдары, шешеннің шығармашылық еңбегінің сатылары секілді іргелі ғылыми мәселелер пайымдалған. «Шешендік өмір» деп аталған екінші бөлімде қазақ шешендік өнерінің ірі тұлғаларының ғылыми өмірбаяны жасалған, шешендік өнері мен сөздерінің жалпы адамзаттық және ұлттық мәні ашылған.




Беркінбай О. Қазақстанның сулы айуанаттары = Водные животные Казахстана = Aquatic animals of Kazakhstan. - Алматы, 2016. - 291 б.

Оқу құралында Қазақстан аумағында мекендейтін сулы айуанаттар жайлы деректер беріледі (дөңгелек ауыздылардың - 3, балықтардың - 104, земноводных - 1, бауырымен жорғалаушылардың - 3, құстардың - 127, аңдардың - 5 түрі). Сулы айуанаттардың кездесетін жері, мәртебесі, тіршілігі, экологиясы, саны және шаруашылық маңызы көрсетіледі. Соңында пайдаланған әдебиеттер тізімі келтірілген.




Қамзин К.Қ., Әліқожа Б.О. Көсемсөз панорамасындағы заман палитрасы : Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 144 б.

Аталмыш оқу құралында көсемсөз мәтіндеріндегі түр мен түстің теориялық-әдіснамалық негіздері және оның тәжірибелік мәні мен астары сараланған. Ұлттық танымның қайнар көздерінен бастау алатын түр мен түстің көне түркі ескерткіштеріндегі тарихи мәніне талдау жасалынған. Антикалық және орта ғасырлардағы ғұламалар мен бүгінгі ғалымдардың еңбектеріндегі түр мен түстің зерттелінуі зерделенген. Керкемөнердегі түр мен түстің тылсым сыры айқындалып, оның психологиялық, әлеуметтік сипаттары жан-жақты ашылған.




Балғышева Б.Д. Фосфаттардың химиялық технологиясы: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 202 б.

«Фосфаттардың химиялық технологиясы» оқу құралында Қазақстан өндірісі мен кен орындары, фосфаттардың минералогиялық құрамына байланысты олардан тыңайтқыштық қасиеті бар бейорганикалық материалдардың алу жолдары мен олардың физика химиялық негіздері келтірілген.



Алияров А.Б., Алияров Б.К., Алиярова М.Б. Жылуэнергетикадағы критерийлер мен коэффициенттер = Критерии и коэффициенты в тепловой энергетике = Criterions and coefficients in heat energetics. - Алматы: LEM, 2016. - 116 б.

Осы аталымдар, әр түрлі кітаптар мен анықтамаларда келтіріледі және физикалық мағынасы берілмейді, этимологиясы келтірілмейді. Қазақ және ағылшын тілдеріне өсіп келе жатқан сұранысты ескере отырып, авторлар бұл еңбекті үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын жасағанды дұрыс деп тапты.




Жұмағұлов Қ.Т., Мырзабекова Р.С., Беделова Г.С. Азия және Африка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 277 б.

Оқу құралын даярлау барысында тарихилық қағидаттар басшылыққа алынды. Оқу құралында материалдар фактілердің орын алу тұрғысынан берілген. Материалдар студенттердің өзінше пайымдаулар мен ой қорытындылар жасауына жол ашады.

«Ислами руханилық пен рациональдық және этномәдени дәстүрлер-діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде» = Исламская духовность, рациональность и этнокультурные традиции как факторы противодействия религиозному экстремизму / ҚР БҒМ, ҚР Иран Ислам республикасы елшілігінің мәдениет өкілдігі, Л.Н. Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті, Дінтану кафедрасы. - Астана: Мастер По, 2016. - 443 б.

Жинақта 2 маусым 2016 ж. Астана қаласында өткен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 20 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған «Ислами руханилық пен рациональдық және этномәдени дәстүрлер - діни экстремизмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары қамтылған. Конференция тақырыбына сай ислам ойшылдарының шығармаларындағы рухани құндылықтар мен олардың қазіргі діни бағдарды айқындаудағы орны және этномәдени дәстүрлердің қазіргі Қазақстан қоғамындағы экстремизм көріністерінің алдын алудағы рөлі талданады.






Мадалиева З.Б., Әрінова Б.А. Арнайы педагогика және психология негіздері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 186 б.

Бұл оқу құралында психологиялық дамудың жалпы және арнайы заңдылықтары, психикалық және физикалық мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Оқу құралының логикалық құрылымы мен мазмұны арнайы педагогика және психологияның ғылыми негіздері туралы түсінік қалыптастырып, дамытуға, сонымен қатар педагог-психологтерге кәсіби білім берудің маңызды бір аспектісін тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруға, мүмкіндігі шектеулі балалар және жасөспірімдермен психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.




Бейорганикалық химия бойынша казакша-орысша, орысша-казакша терминдік сөздік / Құраст.: Н.Н. Нұрахметов, О.Я. Сулейменова, Н.С. Далабаева; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 196 б.

Оқу құралы «Химия» пәнін оқыту бағдарламасына сәйкес кредиттік оқыту жүйесінің негізінде құрастырылған. Жалпы химияның теориялық негіздері бойынша алған білімдерін бекітіп, жүйелеп, саралау үшін зертханалық жұмыстар беріліп, қажетті қайталау сұрақтарынан, мысалдардан және есептер мен жаттығулар келтірілген. Берілген химия есептерін шығару, жаттығуларды орындау арқылы студент заттардың қасиеттерін, алыну жолдарын қамтитын химиялық реакциялардың бағытын және оларды жүргізудің оңтайлы жағдайларын түсіндіріп алдын ала болжай алады.




Торманов Н.Т., Төлеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т.
Биологиядан білім беру концепциясы және оқытудың
инновациялық әдістері: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд.
ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 281 б.

Оқу құралында биологиялық концепцияның жалпы мәселелері, биологиялық үдерістер, түсініктер жан-жақты ашылған, оларға байланысты теориялар мүмкіндігінше кеңінен келтіріліп, проблемалардың даму тарихы нақты суреттелінген. Оқу құралында оқу-тәрбие жұмыстарының заманауи инновациялық әдістері, болашақ педагог-мұғалімдерді дайындау барысында биологиядан сабақ берудің теориялық және практикалық әдіс-тәсілдері баяндалған. Сонымен қатар оқу құралында оқытудың жаңа технологиялары: кейсстади, кіріктіре оқыту мен дамыту жолдары, модульдік білім беру, проблемалық жағдай туындатып оқыту, пән мұғалімінің құзыры, әлеуеті мен кәсіби біліктігінің жоғары деңгейде болуы қарастырылған.



Әміров Ә.Ж. Қазақ терминологиясы және баспасөз: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 126 б.

Монографияда қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминологияны қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Қазақ баспасөзінің үлгілері ретінде таралымы мол әрі үлкен қоғамдық-саяси маңызға ие басылымдар «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттері алынды. Зерттеу нысанына алынған газеттердің термин қалыптастырудағы рөлі жеке-жеке сөз бола отырып, олардың осы мәселеге қатысты бір-бірінен өзгешеліктері мен ұқсас тұстары атап өтіледі.




Арт-терапия: Әдістемелік нұсқаулық / Құраст.: З.Б. Мадалиева, М.М. Мүлеймен; Әл-Фараби атынд. ҚҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 154 б.

Әдістемелік нұсқаулық оқырманды бүгінгі таңда ғылыми және практикалық салада қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі - арт-терапиямен таныстырады. Арт-терапияның теориялық негіздері, диагностикалық бөлім, балалар және ересектермен арт-терапиялық жұмыс істеу барысында қолданылатын жаттығулар мен сабақтардың жүйесі қамтылады. Арт-терапиялық үдерістің кезеңдері мен негізгі ерекшеліктері талданады, арт-терапияның түрлері, негізгі техникалары мен бағыттары сипатталады.



Мұстафаева А.А., Жумажанова Ф.Т. Бақ тілі (араб медиа мәтіндері негізінде): Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 136 б.


Ұсынылып отырған оқу құралы студенттердің лексикалық сөздік қорын араб тіліндегі жаңа сөздер және терминдермен, сонымен қатар олардың қазақ тіліндегі баламасымен байытып, «Оқитын елдің БАҚ тілі» пәнінен жинақталған әртүрлі салалар бойынша медиа мәтіндері негізінде мағлұмат береді.




Пилтан Ю. (Жүсіп Кедей Бөкенұлы) Гильгамеш: Аударма еңбек. - Алматы: Принт Экспресс, 2016. - 76 б.

Әлемдегі ең көне әдебиеттердің қатарына шумерлік және вавилондық мәтіндерді жатқызамыз. Солардың бірі б.д.д. XXVII ғасырдың аяғы мен XXVI ғасырдың басында өмір сүрген шумерліктердің Урук деген қаласының есімі аңызға айналған билеушісі Гильгамештің ерлік істеріне арналған «Гильгамеш туралы аңыз» эпосы. Аталмыш эпосты шумер тілінен ағылшын тіліне британдық ассириолог ғалым Джордж Смит аударған. Ал ол еңбекті зерттеуші, дәрігер Георг Франц Буркгард Клосс неміс тіліне аударса, неміс тілінен парсы тіліне ирандық грузин отбасынан шыққан шығыстанушы-ғалым, саясаткер Давуд Моншизаде тәржімалаған.

Дударев В.А. Интеграция информационных систем в области неорганической химии и материаловедения. – М.: КРАСАНД, 2016. – 320 с.




Книга посвящена вопросам создания интегрированных информационных систем в области неорганической химии. В работе приведен краткий обзор наиболее значимых фактографических баз данных по свойствам неорганических веществ, созданных в мире, и выполнен анализ архитектуры современных информационных систем в области материаловедения. Рассмотрены основные методы создания интегрированных систем (ETL, EII, EAI), и на их основе предложена комплексная методология интеграции материаловедческой информации, учитывающая требования пользователей и программ анализа данных. Приведены особенности реализации интегрированной информационной системы по свойствам неорганических веществ Института металлургии и материаловедения им. А. А. Байкова Российской академии наук (ИМЕТ РАН). В заключении рассмотрены примеры использования консолидированной информации для поиска закономерностей в данных и компьютерного конструирования новых перспективных неорганических соединений.



Кустов А.В., Батов Д.В., Усачева Т.Р. Калориметрия растворов неэлектролитов: Теоретические основы, эксперимент, анализ данных. – М.: КРАСАНД, 2016. – 288 с.

Данная монография призвана восполнить имеющийся в отечественной литературе существенный пробел в области экспериментальной калориметрии и оказать помощь как опытным исследователям, так и (в особенности) молодым коллегам в ознакомлении с теоретическими основами и практикой калориметрических исследований растворов неэлектролитов, выборе соответствующего оборудования для осуществления научных задач, понимании физической сущности измеряемых на опыте характеристик, определении границ применимости модельных подходов и формально строгих теорий для объяснения, описания и предсказания результатов калориметрического эксперимента в жидких средах.





Акустооптические лазерные системы формирования телевизионных изображений. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2016. – 240 с.

В настоящей монографии изложена теория акустооптического взаимодействия в анизотропных кристаллических средах, обладающих гиротропными свойствами, и на ее основе разработана методика расчета пространственного распределения интенсивности светового излучения на проекционном экране при дифракции импульсного лазерного излучения на амплитудно-модулированном ультразвуковом сигнале в кристалле парателлуриата. Исследование характеристик акустооптической системы с импульсным методом формирования строки для отображения и записи информации, основанном на использовании лазеров на парах меди, позволяет распространить полученные авторами результаты на системы с полноцветными импульсными твердотельными лазерами, которые в настоящее время бурно развиваются.

Автоматические системы и устройства наведения лазерных пучков. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2016. – 280 с.


Изложены вопросы проектирования автоматических систем и устройств наведения лазерных пучков. Выполнен анализ входных воздействий, возмущающих факторов и особенностей динамики исполнительных механизмов различного принципа действия с позиций использования их в точных каналах наведения, рассмотрены достоинства и недостатки различных схем построения контуров управления отклоняющими зеркалами. Полученные аналитические выражения могут быть использованы при разработке и других оптико-механических устройств. Указаны новые подходы к построению широкополосных систем стабилизации для работы в условиях качки и вибрации при мобильном базировании лазерной установки. Рассмотрено влияние перекрестных связей между каналами на динамику системы наведения лазерного пучка с использованием аппарата функций Ляпунова для анализа устойчивости таких систем при наличии перекрестных связей между каналами.



Локощенко А.М. Ползучесть и длительная прочность металлов. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2016. – 504 с.

Настоящая монография посвящена фундаментальному описанию явления ползучести, широко встречающегося при высокотемпературном деформировании металлов. Большое внимание уделено также анализу длительной прочности, которая характеризует напряжение, обеспечивающее неразрушение металла в течение заданного времени.

Дадашев Р.Х., Кутуев Р.А., Созаев В.А. Поверхностные свойства сплавов на основе свинца, олова, индия, кадмия. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2016. – 208 с.




В монографии рассмотрены фундаментальные термодинамические уравнения, характеризующие поверхностный слой как фазу конечной толщины. Для многокомпонентных систем получены уравнения и разработаны методы расчета термодинамических параметров поверхностного слоя по концентрационной зависимости поверхностного натяжения. В качестве примера приведены результаты расчетов состава, эффективной толщины и молярной площади компонентов в некоторых тройных и четверных системах. Из адсорбционного уравнения Гиббса, с учетом концентрационной зависимости молярной площади, получены теоретические уравнения для изотерм поверхностного натяжения двойных и тройных систем. Дается описание методов изучения поверхностного натяжения (метод лежащей капли и метод максимального давления в газовом пузырьке). Уделено внимание использованию современных информационных технологий в изучении поверхностных свойств жидкометаллических расплавов. Приведены как литературные данные, так и авторские исследования поверхностного натяжения жидких сплавов на основе свинца, олова, индия, в том числе свинец-висмутовых расплавов, находящих широкое применение в качестве тяжелых теплоносителей в энергетических установках.



Стюарт И. Невероятные числа профессора Стюарта. – М.: Альпина нон-фикшн, 2016. – 422 с.

По сути, математика — это цифры, наш основной инструмент для понимания мира. В своей книге самый известный британский популяризатор математики, профессор Иэн Стюарт предлагает захватывающее знакомство с числами, которые нас окружают, начиная с привычных для нас комбинаций символов и заканчивая более экзотическими — факториалами, фракталами или постоянной Аперри. На этом пути Стюарт рассказывает нам о простых числах, о кубических уравнениях, о понятии нуля, возможных вариантах кубика Рубика, о роли чисел в истории человечества и актуальности их изучения в наше время. С присущими ему остроумием и эрудицией Стюарт раскрывает перед читателем завораживающий мир математики.




